

112-ЫХЛАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Төрт аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


(Мұхаммед Ғ.С. оларға) айт: Ол Алла, біреу-ақ. (1) Алла мұңсыз. (Әр нәрсе Оған мұхтаж.) (2) Ол, тумады да туылмады. (3) Әрі Оған ешкім тең емес. (4)

113-ФАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят. (Рауаят бойынша, Яһудилер Мұхаммед Ғ.С. ға түйіншекке дем салып, қас қылмақшы болған. Б.Ж.К.Х.Т.)

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.): "Таңның Раббына сиынамын," (1) "Жаратқан нәрселерінің кесірінен," (2) "Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен," (3) "Түйіншектерге дем салушылардың кесірінен," (4) "Күншілдердің кесірінен, ол күндеген сәтте, (сиынамын.)" де. (5)



114-НАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Алты аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед Ғ.С.): "Адамдардың Раббына," (1) "Адамдардың иесіне," (2) "Адамдардың Тәңіріне," (3) "Сыбырлап азғырушының кесірінен," (4) "Сондай адамдардың көкейлеріне салатын," (5) "Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын, (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаға) сиынамын" де. (6)